



БҮЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2017 молтад 30 ғауыттар № 35

Астана қ.

г. Астана

Техникалық және кәсіптік білімі бар
кадрларды даярлауды және қысқа
мерзімді кәсіптік оқытууды ұйымдастыру
қағидаларын бекіту туралы



Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 919 қаулысымен бекітілген Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытуудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасының 5.1.1 және 5.1.2 -тармақтарына сәйкес **БҮЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырган Техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлауды және қысқа мерзімді кәсіптік оқытууды ұйымдастыру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Техникалық және кәсіптік білім департаменті (Н.Ж. Оспанова) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы бұйрықтың көшірмелерін ресми жариялау үшін мерзімді баспа басылымдарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Респубикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі және халықаралық ынтымақтастық департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармакшаларында көзделген іс-шаралардың орындаулы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Э.А. Суханбердиеваға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі**

E. Сагадиев



«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрі

Дүйсенова Т. Дүйсенова
«31» 01 2017 жыл

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының
Корғаныс министрі

Жасұзаков С. Жасұзаков
«09» 02 2017 жыл



1
Байди
Мінін
Рынғай

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2017 жылғы «30 Кағидар
№ 35 бүйрығымен бекітілген

**Техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлауды және
қысқа мерзімді кәсіптік оқытуды ұйымдастыру қағидалары**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлауды және қысқа мерзімді кәсіптік оқытуды ұйымдастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 919 қаулысымен бекітілген Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасының (бұдан әрі – Бағдарлама) 5.1.1 және 5.1.2.тармақтарына сәйкес әзірленген және техникалық және кәсіптік білімі (бұдан әрі - ТжКБ) бар кадрларды даярлауды және қысқа мерзімді кәсіптік оқытуды ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

2. ТжКБ бар кадрларды даярлауға және қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға бағытталған шаралар тиісті жылға жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) мобиЛЬДІ оқу орталығы – практиканы қамтамасыз етумен және оқыту орнына конструктивтік элементтер мен құрал-жабдықтарды тасымалдау мүмкіндігімен қоса қосымша білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын жылжымалы оқу орталығы;

2) мобиЛЬДІК топтар – аудандық (қалалық) комиссияның шешімімен әрбір елді мекенде ТжКБ бар кадрларды даярлауға үміткерлер іздеу және тізімін қалыптастыру үшін құрылатын топ. МобиЛЬДІ топтардың құрамына кенттер, ауылдық округтер, аудандық маңызы бар қалалар мен қалалар құрамындағы аудандар әкімдіктерінің, білім беру ұйымдарының, білім беру және жұмыспен қамту мәселелері бойынша жергілікті атқарушы органдардың өкілдері кіреді.

2-тарау. ТжКБ бар кадрларды даярлауды ұйымдастыру тәртібі

3. ТжКБ бар кадрлар даярлау бағдарламасына қатысушылар өмірлік қыын жағдайға тап болған және тұрмысы төмен отбасылардың мүшелері қатарындағы 9-11 сыныптарды бітірушілер, оқу орындарына түспеген, жұмыс іздеп жүрген адамдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген азаматтардың өзге де санаттары болып табылады.



4. Бағдарлама қатысушылары жұмысшы біліктілігін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 65 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13149 болып тіркелген) бекітілген Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім үшін оқыту мерзімдері және білім беру деңгейлері бойынша кәсіптер мен мамандықтардың тізбесіне сәйкес ақысыз негізде, орта буын маманының біліктілігін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы № 130 қаулысымен бекітілген Техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына окуға қабылдаудың үлгі қағидаларына сәйкес конкурстық негізде оқиды.

5. Бағдарламаның 5.1.1-тармагына сәйкес құрылған мобиЛЬДІК топтар ТЖКБ бар кадрларды даярлауға үміткерлер іздеуді жүзеге асырады және тізімін қалыптастырады.

6. Аудандық (қалалық) деңгейдегі білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдар мобиЛЬДІ ТОПТАРДЫҢ деректері негізінде облыстардың, Астана және Алматы қалаларының білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдарымен келісу бойынша кенттердің, ауылдық округтердің, аудандық маңызы бар қалалардың және қалалар құрамындағы аудандардың әкімдерімен бірлесіп, үш жұмыс күні ішінде үміткерлерді хабардар етеді және Бағдарлама қатысушыларына осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес окуға жолдама береді.

7. Бағдарламаға қатысуға үміткерлер ауданық (қалалық) деңгейдегі білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдар берген жолдамалар негізінде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оку орнына өтініш береді.

8. Оку орнына өтініш берген кезде үміткерлер мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 2) білім туралы құжат (аттестат, куәлік, диплом);

3) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелген) бекітілген Денсаулық сақтау ұйымдарының № 086-У бастапқы медициналық құжаттама нысанына сәйкес денсаулық жағдайы туралы анықтама;

4) әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтар санатын растайтын анықтама (бар болған жағдайда);

- 5) жолдама.

Үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттарды үміткердің өзі не ата-анасы немесе занды өкілдері тапсырады.

9. Топтарды жасақтау жылына бір рет 20 маусымнан 30 тамызға дейін жүргізіледі.

10. ТЖКБ бар кадрлар даярлау бойынша Бағдарлама қатысушыларын окуға қабылдауды оку орнының басшысы жүзеге асырады.

11. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдары аудандық (қалалық) комиссия шешімінің негізінде аудандық (қалалық) комиссия шешімін алған сәттен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей оку орындарымен ТжКБ бар кадрларды даярлау туралы шарт жасайды.

12. Бағдарлама қатысушыларын оқыту ұзақтығы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қантардағы № 65 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13149 болып тіркелген) Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім үшін оқыту мерзімдері және білім беру деңгейлері бойынша кәсіптер мен мамандықтардың тізбесіне сәйкес анықталады.

Оку «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 6) тармақшасына сәйкес білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен үлгілік оку бағдарламалары мен жоспарлары негізінде оку орны әзірлеген оку жұмыс бағдарламалары мен жоспарлары бойынша жүзеге асырылады.

13. ТжКБ бар кадрларды даярлау курсарын жұмысшы біліктіліктері бойынша аяқтаған және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5191 болып тіркелген) бекітілген Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттау жүргізу дің үлгі ережесіне (бұдан әрі-№ 125 бұйрық) сәйкес қорытынды аттестаттау тапсырған Бағдарлама қатысушыларына Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қантардағы № 39 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10348 болып тіркелген) бекітілген Мемлекеттік үлгідегі білім беру туралы құжаттардың түрлері мен нысандарын және оларды беру қағидаларына сәйкес мемлекеттік үлгідегі құжат (диплом) беріледі.

14. Оку орны Бағдарлама қатысушыларын:

- 1) білім беру ұйымының ішкі тәртібіне сәйкес сабактан себепсіз қалған;
- 2) үлгерімі нашар немесе аралық № 125 бұйрыққа сәйкес аттестаттаудан қанағаттанарлықсыз бага алған;

15. ТжКБ алған барлық Бағдарлама қатысушыларына:

- 1) стипендия;
- 2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 677 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12894 болып тіркелген) бекітілген Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарда мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алушылар үшін өтемақылар төлеу арқылы қысқы және жазғы каникул кезеңінде қалааралық теміржол және автомобиль

(таксиден басқа) көлігінде жеңілдікпен жол жүруді қамтамасыз ету қағидаларына сәйкес жол жүргүе өтемақы;

3) ыстық тамақ беріледі.

16. Оку орны білім алушыларды қабылдағаннан кейін облыстардың, Астана және Алматы қалаларының білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдарына осы Қағидаларға 3-қосымшага сәйкес нысан бойынша Бағдарламаның оқуға қабылданған қатысушылары туралы есепті 1 қазанға дейін ұсынады.

17. Оку орындары облыстардың, Астана және Алматы қалаларының білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдарына ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 1-не дейін осы Қағидаларға 4- қосымшага сәйкес нысан бойынша ТжКБ бар кадрларды даярлау барысы туралы есеп береді.

18. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдары осы Қағидаларға 5-қосымшага сәйкес нысан бойынша халықты жұмыспен қамту орталықтарына ай сайын айдың 3-не, білім беру саласындағы уәкілетті органға есепті айдан кейінгі айдың 5-не ТжКБ бар кадрларды даярлаудың барысы туралы есеп ұсынады.

19. Білім беру саласындағы уәкілетті орган білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдардан алған ақпарат негізінде ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 10-на ТжКБ бар кадрларды даярлаудың барысы туралы ақпаратты халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органға осы Қағидаларға 6-қосымшага сәйкес нысан бойынша ұсынады.

3-тaraу. Қысқа мерзімді кәсіптік оқытуды ұйымдастырудың тәртібі

20. Қысқа мерзімді кәсіптік окудан өткен Бағдарлама қатысушылары 29 жасқа дейінгі және халықты жұмыспен қамту орталықтарында тіркелуіне қарамастан жұмыссыз және өзін-өзі жұмыспен қамтушы жастар болып табылады.

21. Бағдарламаға қатысатын үміткерлерді іріктеу:

1) халықты жұмыспен қамту орталықтарына, білім беру ұйымдарына, ӨКП-ға, кенттердің, ауылдық округтердің, аудандық манызы бар қалалардың және қалалар құрамындағы аудандардың әкіміне осы Қағидаларға 7-қосымшага сәйкес нысан бойынша өтініш бере отырып өз бетінше жүгіну;

2) халықты жұмыспен қамту орталығы ұсынатын үміткерлердің ішінен тандау арқылы жүргізіледі.

22. 18-тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген ұйымдарға өтініш берген кезде үміткер мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 2) еңбек кітапшасының көшірмесі (болған жағдайда);

3) білімі туралы құжаттың (аттестат, куәлік, диплом) көшірмесі, сондай-ақ болған жағдайда, оқығанын растайтын құжаттардың (куәлік, сертификат) көшірмесі;

4) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелген) бекітілген Денсаулық сақтау ұйымдарының № 086-У бастапқы медициналық құжаттама нысандары бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама көшірмесі. Денсаулық жағдайы туралы анықтама көшірмесі қатысушылардың құрамына қосу туралы шешім қабылданғаннан кейін ұсынылады.

23. Құжаттар топтамасын қабылдау кезінде халықты жұмыспен қамту орталығының, білім беру үйымдарының, ӨКП, кенттер, ауылдық округтер, аудандық маңызы бар қалалар және қалалар құрамындағы аудандар әкімдігінің қызметкері көшірмені құжаттардың түпнұсқасымен салыстырып, түпнұсқаларын өтініш берушіге қайтарады.

Үміткерлерден келіп түскен құжаттар мен өтініштерді халықты жұмыспен қамту орталықтарына және халықты жұмыспен қамту орталықтарынан аудандық (қалалық) комиссияға тапсыру мерзімі Бағдарламаның 5.1.2 тармағында анықталған. Аудандық (қалалық) комиссия отырысы қажеттілігіне қарай өткізіледі.

24. Аудандық (қалалық) комиссия халықты жұмыспен қамту орталықтарының деректері негізінде үш жұмыс күні ішінде үміткерлердің тізімін бекітеді және оны халықты жұмыспен қамту орталықтарына жолдайды.

25. Халықты жұмыспен қамту орталықтары үш жұмыс күні ішінде үміткерлерге аудандық (қалалық) комиссияның қабылдаған шешімі туралы хабарлайды және оларға осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Бағдарлама қатысушысын оқыту үшін білім беру үйымына жолдама береді. Ауылдық елді мекендерде тұратын үміткерлер ауылдық округтер мен елді мекендердің әкімдері арқылы хабарландырылады.

26. Білім беру үйымы білім алушыларды қабылдағаннан кейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей және ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 1-не дейін халықты жұмыспен қамту орталықтарына осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша окуға қабылданған Бағдарлама қатысушыларының тізімін және қабылдау туралы бұйрықтардың көшірмесін ұсынады.

27. Білім беру үйымы жұмыс берушілермен бірлесіп және ӨКП-ның келісімі бойынша оқу кестесін және жұмысшы біліктіліктері бойынша оқу бағдарламаларын әзірлейді. Білім беру үйымы Бағдарлама қатысушысының талабы мен мүмкіндігін ескере отырып, халықты жұмыспен қамту орталығының келісімі бойынша қысқа мерзімді кәсіптік оқытууды қундізгі немесе кешкі нысандарда жүзеге асырады.

28. Қысқа мерзімді кәсіптік оқытудың ұзақтығы біліктіліктің (мамандықтың) ерекшеліктерін ескере отырып, бір айдан алты айға дейінгі мерзімді құрайды.

29. Бағдарлама қатысушыларын қысқа мерзімді кәсіптік оқыту Бағдарламаның 2.1 тармағының 18) тармақшасында көрсетілген білім беру үйімдарында жүргізіледі. Кәсіпкерліктің негіздерін оқыту ӨКП-ның құрылымдық бөлімшелері арқылы жүзеге асырылады.

30. Білім беру үйімі Бағдарлама қатысушыларын аудандық (қалалық) комиссияның қарауына енгізе отырып:

1) білім беру үйімінің ішкі тәртібіне сәйкес сабактан үш оку күнінен артық қатарынан дәлелді себепсіз қалған;

2) үлгерімі нашар немесе № 125 бүйреккә сәйкес аралық аттестаттаудан қанағаттанарлықсыз баға алған.

31. Қысқа мерзімді кәсіптік оқудан өткен Бағдарлама қатысушылары оку ақысын төлеу үшін мемлекеттік қолдаумен, стипендиямен, жол жүру ақысымен қамтамасыз етіледі.

32. Басқа қаладан келген қатысушылар үшін тұрғын үйді жалдау (жалға алу) шығыстарының орнын толтыру қарастырылған. Басқа қаладан келген қатысушылар үшін тұрғын үйді жалдау (жалға алу) шығыстарының орнын толтыру ай сайын Бағдарламаға сәйкес оку кезеңінде тұрғын үйді жалдауды (жалға алуды) растайтын құжаттар негізінде жүзеге асырылады.

33. Алыс ауылдық елді мекендерде тұратын адамдар қысқа мерзімді оқытудан мобиЛЬДІ оку орталықтары арқылы өтеді.

34. Қысқа мерзімді кәсіптік оқытатын мобиЛЬДІ оку орталығы аудандық (қалалық) комиссияның шешімімен оку орнының жаңынан құрылады.

35. МобиЛЬДІ оку орталығының жұмысын үйімдастыру үшін оку орны меншік құқығындағы азаматтық-құқықтық шарттардың негізінде коммуналдық мülіk құрамына мобиЛЬДІ оку орталығының мүліктік (жылжитын және (немесе) жылжымайтын) кешенін алады.

36. МобиЛЬДІ оку орталығының мүліктік кешеніне:

1) технологиялық жабдықтарды жеткізу және оқытуды өткізу үшін жылжымалы көлік құралы;

2) оқыту технологиялық жабдықтар кіреді.

МобиЛЬДІ оку орталығының аудандар мен ауылдық округтерге бару кестесін облыстардың білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдары құрады және бекітеді.

37. МобиЛЬДІ оку орталығының оку қызметін қамтамасыз ету үшін оку орнының басшысы өндірістен мамандарды тарта отырып, оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлері арасынан инженерлік-педагогикалық қызметкерлер тобын және олардың негізгі жұмыс істеу кестесін есепке ала отырып, мобиЛЬДІ оку орталығындағы жұмыстарының мерзімін анықтайды. МобиЛЬДІ оку орталығының мүліктік (жылжитын және (немесе) жылжымайтын) кешенін

тасымалдауды қамтамасыз ету үшін жүргізуші, мобиЛЬДІ оқу орталығына техникалық қызмет көрсете үшін тиісті мамандар тартылуы мүмкін.

38. Бағдарлама қатысушылары қысқа мерзімді кәсіптік оқуды аяқтағаннан кейін білім беру үйімы жұмысқа орналастыруға көмек көрсете үшін халықты жұмыспен қамту орталықтарына, ӨКП-ға оқуды аяқтағандардың тізімін жібереді.

39. Білім беру үйімы ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 1-не дейін халықты жұмыспен қамту орталықтарына осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қысқа мерзімді кәсіптік оқытуудың барысы туралы есеп береді

40. Қысқа мерзімді кәсіптік оқытууды аяқтаған және біліктілік емтиханын тапсырған Бағдарлама қатысушыларына білім беру үйімы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10348 болып тіркелген) бекітілген Білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың түрлері мен нысандарын және оларды беру қағидаларына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 11 қыркүйектегі № 370 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8829 болып тіркелген) бекітілген Ересектерге арналған қосымша білім беру үйімдарының түрлері қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес нысандар бойынша қуәлік немесе сертификат береді.

41. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органдары халықты жұмыспен қамту орталықтарының есептері негізінде ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 5-не білім беру саласындағы уәкілетті органға осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қысқа мерзімді кәсіптік оқытуудың барысы туралы есеп ұсынады.

42. Білім беру саласындағы уәкілетті орган халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органдардан алынған ақпарат негізінде ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 10-на халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органға осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қысқа мерзімді кәсіптік оқытуудың барысы туралы мәлімет және осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ТжКБ бар кадрлар даярлаудың және қысқа мерзімді кәсіптік оқытуудың барысы туралы жиынтық мәлімет береді.

Техникалық және кәсіптік білімі бар
кадрларды даярлауды және қысқа
мерзімді кәсіптік оқытуды үйымдастыру
қағидаларына

1- қосымша
Нысан

Бағдарлама қатысушысын оқытуға
№ _____ жолдама

Бағдарлама қатысушысы

(қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда))

облысының _____ (облыстық маңызы
бар қаланың, астананың, республикалық маңызы бар қаланың) аудандық
(қалалық) деңгейдегі білім беру саласындағы жергілікті атқарушы
орган/кенттердің, ауылдық округтердің, аудандық маңызы бар қалалардың және
қалалар құрамындағы аудандардың әкімдері аудандық (қалалық) комиссияның
шешімі негізінде _____
(білім беру үйымының атауы, мекенжайы, байланыс телефоны)
_____ ай мерзімге «____» _____ «____» _____ дейін
оқуға жібереді.

Аудандық (қалалық) деңгейдегі білім беру
саласындағы жергілікті атқарушы органның
басшысы/кенттердің, ауылдық округтердің,
аудандық маңызы бар қалалардың және
қалалар құрамындағы аудандардың әкімі _____
(басшының тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда), қолы

Берілген күні
М.О.

(қио сызығы)

Аудандық (қалалық) деңгейдегі білім беру
саласындағы жергілікті атқарушы органға/
кенттердің, ауылдық округтердің,
аудандық маңызы бар қалалардың және
қалалар құрамындағы аудандардың әкімдігіне қайтарылады.

№_ Жолдамаға хабарлама

(білім беру ұйымының атавы)

Бағдарлама қатысушысы

(қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда))

201__ жылғы «__» 201__ жылғы «__» №__ бүйрыққа
сәйкес

кәсібі бойынша

(кәсіптің атавы)

201__ жылғы «__» дейін ___________ай мерзімге окуга
қабылданғанын хабарлайды.

Білім беру ұйымының жауапты өкілі

(тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда))

М.О.

Техникалық және кәсіптік білімі бар
кадрларды даярлауды және қысқа
мерзімді кәсіптік оқытууды үйімдастыру
қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Оқу орнының басшысы

(басшының тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда))

(тұратын мекен-жайының атауы)
мекенжайы бойынша тұратын

(қатысушының тегі, аты, экесінің аты (ол бар болған жағдайда))

Өтініш

Мені «Бағдарлама қатысушыларын техникалық және кәсіптік біліммен және қысқа мерзімді кәсіптік оқытумен қамтамасыз ету» бірінші бағыты бойынша Бағдарлама қатысушыларының тізіміне қосуды сұраймын.

Косымша бетте:

- 1) жеке басын күәландыратын құжаттың көшірмесі;
 - 2) білімі туралы құжат (аттестат, күәлік, диплом), сондай-ақ бар болған жағдайда оқығанын растайтын құжаттар (куәлік, сертификат);
 - 3) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бүйрекімен бекітілген 086-У нысаны бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама;
 - 4) әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтар санатын растайтын анықтама (болған жағдайда);

Күні 20 жылғы «_» _____
коды

— — — — —
(кию сызығы)

Азамат (азаматша) _____ өтініші
20 жылғы «_____» қабылданды, №_____ тіркелді.
Күжаттарды қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда), лауазымы және қолы:

әкесінің аты (ол бар болған)

Күні 20__ жылғы «__» ____

*ұсынылған құжаттардың дұрыстығына өтініш беруші жауапты болады.



A handwritten signature in blue ink, appearing to read "Балек" followed by a surname starting with "Р".

Техникалық және кәсіптік білімі бар
кадрларды даярлауды және қысқа
мерзімді кәсіптік оқытууды үйымдастыру
қағидаларына
3-қосымша
Нысан

Бағдарламаның қабылданған қатысуышылары туралы есеп

(оку орнының атауы)

P/c №	Тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда)	Жеке сәйкестендіру нөмірі	Жасы	Мамандық/ кәсіп атауы	Оқыту тобының атауы	Оқыту мерзімі

Техникалық және кәсіптік білімі бар
кадрларды даярлауды және қысқа
мерзімді кәсіптік оқытууды ұйымдастыру
қағидаларына
4-қосымша
Нысан

ТЖКБ бар кадрларды даярлау барысы туралы есеп

оку орнының атауы)

		Ертүрлі себеппен окууды аяқтамаған адамдардың саны	
	Мамандық атаяу		
	Біліктілік атаяу		
	Оку мерзімі		
	Өтініш берген адамдардың саны		
	Окута кабылданғандардың саны		
	Білім алушы студенттердің саны (жанадан кабылданғандарды және алдыңғы курстан откөндерлі есепке алғанда)		
	Окууды аяқтаган адамның саны		
	Окудан шыгарылғандардың саны		
	Сабактан қалғандар		
	Үлгермей		
	Ішкі тәртіпті бүзғандар		
	Өз калауымен шығып кеткен		
	Ауруы		
	КР Қарулы күштерінің шұғыл қызыметіне шакырту		
	Жұмысқа орналасу		
	Кайтыс болған		
	Жүктілік, босану, бала күтімі бойынша демалыс		
	Тұракты мекен –жайдың ауысуы		
	Басқа да себептер		

Техникалық және кәсіптік білімі бар
кадрларды даярлауды және қысқа
мерзімді кәсіптік оқытууды үйымдастыру
қағидаларына
5-қосымша
Нысан

ТЖКБ бар кадрларды даярлау барысы туралы есеп

(облыстардың, Астана және Алматы қалаларының білім беру саласындағы
жергілікті атқарушы органдарының атауы)

		Әртүрлі себептерге байланысты окуын аяқтамаған адамдардың саны	
Есептегі жылы ТЖКБ бар кадрлар даялау дың	ТЖКБ бар кадрлар даярлауды үйымдастыруга шарт жасалған оку орындарының саны		
Мамандық атауы			
Біліктілік атауы			
Оқу мерзімі			
Өтінші берген адамдардың саны			
Оқуга кабылданған адамдардың саны			
Оқып жаткан студенттер (бұрынғы курсардан еткендер мен жаңа кабылдауды есепке ала отырып) саны			
Окуын ақтагаған адамдардың саны			
Окудан шығып кеткен адамдардың саны			
Жұмысқа орналасқандардың саны			
Сабактан калғандар			
Үлгермеу			
Ішкі тәртілті бүзгандар			
Өз қалауымен шығып кеткен			
Ауруы			
КР Карулы күштерінң шұғыл қызметіне			
Жұмысқа орналасқу			
Қайтыс болған			
Жүктілік, туған, бала күтімдегі демалыс			
Тұракты мекенжайын ауыстыру			
Басқалар			

Техникалық және кәсіптік білімі бар
кадрларды даярлауды және қысқа
мерзімді кәсіптік оқытуды үйымдастыру
қағидаларына
6-қосымша
Нысан

ТЖКБ бар кадрларды даярлау барысы туралы мәлімет

20__ жылғы «__» _____ жағдай бойынша

1	№ кезек/саны
2	Өнірдің атаяу
3	Есептегі жылды кабылдау жоспары, саны
4	Өтініш берген адамдардың саны
5	Окута кабылданғандардың саны
6	Оқуды аяқтаған адамның саны
7	Оқудан шығарылғандардың саны
8	Оқуды аяқтаған адамның ішінде жұмысқа орналасқандар саны
9	Оқуды аяқтаған адамның ішінде жұмысқа орналасқандар үлесі % (8 графа/6 графа X100%)
10	Бұрынғы курстардан откендер мен жаңа кабылдауды есепке ала отырып оқып жатқан студенттер саны
11	ТЖКБ бар кадрлар даярлауды үйымдастыруға шарт жасалған оқу орындарының саны

Техникалық және кәсіптік білімі бар
кадрларды даярлауды және қысқа
мерзімді кәсіптік оқытуды үйымдастыру
қағидаларына

7-қосымша

Нысан

Ауданның (қаланың) халықты жұмыспен
қамту орталығының/ білім беру үйімінің/
өнірлік кәсіпкерлер палатасының басшысы/
кенттің, ауылдық округтің,
аудандық маңызы бар қала мен қала
құрамындағы ауданның әкімі

(басшының тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда)

(тұратын мекен-жайының атауы)
мекенжайы бойынша тұратын

(қатысушиның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда)

Өтініш

Мені «Бағдарлама қатысушиларын техникалық және кәсіптік біліммен
және қысқа мерзімді кәсіптік оқытумен қамтамасыз ету» бірінші бағыты
бойынша Бағдарлама қатысушиларының тізіміне қосуды сұраймын.

Қосымша бетте:

- 1) жеке басын қуәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 2) еңбек кітапшасының көшірмесі (болған жағдайда);
- 3) білімі туралы құжат (аттестат, қуәлік, диплом), сондай-ақ бар болған
жағдайда оқығанын растайтын құжаттар (куәлік, сертификат);
- 4) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндеттін
атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бүйрекімен бекітілген
086-У нысаны бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама. Денсаулық
жағдайы туралы анықтаманы қатысушилар құрамына қосу туралы шешім
қабылданғаннан кейін тапсырады.

Күні 20 жылғы « »

қолы



(қио сзығы)

Азамат (азаматша) _____ өтініші
 20 жылғы «___» қабылданды, № ___ тіркелді.
 Құжаттарды қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған
 жағдайда), лауазымы және қолы:

Күні 20 жылғы «___» _____

*Ұсынылған құжаттардың дұрыстығына өтініш беруші жауапты болады.



Техникалық және кәсіптік білімі бар
кадрларды даярлауды және қысқа
мерзімді кәсіптік оқытууды үйымдастыру
қағидаларына
8-қосымша
Нысан

Бағдарлама қатысушысын оқытууга
№_____ жолдама

Бағдарлама қатысушысы

(катысушының тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда)

_____ облысының _____ (облыстық маңызы
бар қаланың, астананың, республикалық маңызы бар қаланың) аудандық
(қалалық) деңгейдегі білім беру саласындағы жергілікті атқарушы
орган/кенттердің, ауылдық округтердің, аудандық маңызы бар қалалардың және
қалалар құрамындағы аудандардың әкімдері аудандық (қалалық) комиссияның
шешімі негізінде _____
(білім беру үйімінің атауы, мекенжайы, байланыс телефоны)
_____ ай мерзімге «____» _____ «____» _____ дейін
окуға жібереді.

Аудандық (қалалық) деңгейдегі білім беру
саласындағы жергілікті атқарушы органның
басшысы/кенттердің, ауылдық округтердің,
аудандық маңызы бар қалалардың және
қалалар құрамындағы аудандардың әкімі
(басшының тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда)

қолы

Берілген күні
М.О.

(қию сызығы)

Аудандық (қалалық) деңгейдегі білім беру
саласындағы жергілікті атқарушы органға/
кенттердің, ауылдық округтердің,
аудандық маңызы бар қалалардың және
қалалар құрамындағы аудандардың әкімдігіне қайтарылады.

№_ Жолдамаға хабарлама

(білім беру үйымының атавы)

Бағдарлама қатысушысы

(катысушының тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда))

20__ жылғы «__» 20__ жылғы «__» №__ бүйрыққа
сәйкес

кәсібі бойынша

(кәсіптің атавы)

20__ жылғы «__» дейін ___________ ай мерзімге оқуга
қабылданғанын хабарлайды.

Білім беру үйымының жауапты өкілі

(тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда))

M.O.

Техникалық және кәсіптік білімі бар
кадрларды даярлауды және қысқа
мерзімді кәсіптік оқытууды ұйымдастыру
қағидаларына
9-қосымша
Нысан

Бағдарламаның қабылданған қатысуышылары туралы есеп

(білім беру ұйымының атауы)

P/c №	Тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда)	Жеке сәйкестендіру нөмірі	Жасы	Мамандық/ кәсіп атауы	Оқыту тобының атауы	Оқыту мерзімі

Техникалық және кәсіптік білімі бар
кадрларды даярлауды және қысқа
мерзімді кәсіптік оқытуды үйымдастыру
қағидаларына
10-қосымша
Нысан

Кысқа мерзімді кәсіптік оқытудың барысы туралы есеп

(оку орнының, оку орталығының, жоғары әскери-техникалық мектептің атауы)

		Әртүрлі себеппен оқуды аяқтамаған адамдардың саны	
Мамандық атаяу			
Біліктілік атаяу			
Оку мерзімі			
Өтініш берген адамдардың саны			
Окута қабылданғандардың саны			
Білім алушы студенттердің/ адамдардың саны			
Окудағы аяқтаган адамның саны			
Окудан шығарылғандардың саны			
Сабактан калғандар			
Үлгермеу			
Ішкі тәртілті бұзғандар			
Өз қалауымен шығып кеткен			
Ауруы			
KР Карулы күштерінің шүрүлі			
қызметіне шакыргу			
Жұмысқа орналасу			
Қайтыс болған			
Жүктілік, босану, бала күтімі бойынша			
демалыс			
Тұрақты мекен –жайдың ауысуы			
Басқа да себептер			

Техникалық және кәсіптік білімі бар
кадрларды даярлауды және қысқа
мерзімді қәсіптік оқытууды ұйымдастыру
кағидаларына
11-қосымша
Нысан

Қысқа мерзімді кәсіптік оқытудың барысы туралы есеп

(облыстардың, Астана және Алматы қалаларының халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органдарының атавуы)

Техникалық және кәсіптік білімі бар
кадрларды даярлауды және қысқа
мерзімді кәсіптік оқытуды үйімдастыру
қағидаларына
12-қосымша
Нысан

Қысқа мерзімді кәсіптік оқытудың барысы туралы мәлімет

20 __ жылғы _____ жағдай бойынша

1	№ кезек/саны	Оқуға қабылданған адам саны													
2	Оңтілін атапы														
3	Есептегі жылы қабылдау жоспары, саны														
4	Өтініш берген адамдардың саны														
5	барлығы	Оның ішінде													
6	Цифрлық сауаттылық дағдылары	барлығы													
7	Ағылшын тілі	6													
8	Кәсіпкерлік негіздері	7													
9	Мобильді оқыту оргалығы арқылы	8	МобиЛЬДІ ОҚЫТУ ОРГАЛАҒЫ АРҚЫЛЫ	Оның ішінде 5 графадан	9	Оның ішінде мобилді оқыту орталығы арқылы	Барлығы	Окудан шықкан адам саны	Окуяяқтағандар ішінен жұмысқа орналаскан адам саны	Окуяяқтағандар ішінен жұмысқа орналаскан адам саны, % (8графа/6графаX100%)	10	Барлығы	Окудағы аяқтаған адамның саны	11	Окудан шықкан адам саны
10	Ониң ішінде мобилді оқыту орталығы арқылы	11	Ониң ішінде мобилді оқыту орталығы арқылы	Окудағы аяқтаған адамның саны	12	Окудан шықкан адам саны	Окудағы аяқтаған адамның саны	Окудағы аяқтаған адамның саны	Окудағы аяқтаған адамның саны	13	Окудағы аяқтаған адамның саны	Окудағы аяқтаған адамның саны	14	Окудағы аяқтаған адамның саны	
11	Ониң ішінде мобилді оқыту орталығы арқылы	12	Ониң ішінде мобилді оқыту орталығы арқылы	Окудағы аяқтаған адамның саны	13	Окудағы аяқтаған адамның саны	15	Окудағы аяқтаған адамның саны	Окудағы аяқтаған адамның саны	16	Окудағы аяқтаған адамның саны				
12	Ониң ішінде мобилді оқыту орталығы арқылы	13	Ониң ішінде мобилді оқыту орталығы арқылы	Окудағы аяқтаған адамның саны	14	Ониң ішінде мобилді оқыту орталығы арқылы	15	Ониң ішінде мобилді оқыту орталығы арқылы	Ониң ішінде мобилді оқыту орталығы арқылы	16	Ониң ішінде мобилді оқыту орталығы арқылы				
13	Ониң ішінде мобилді оқыту орталығы арқылы	14	Ониң ішінде мобилді оқыту орталығы арқылы	Ониң ішінде мобилді оқыту орталығы арқылы	15	Ониң ішінде мобилді оқыту орталығы арқылы	16	Ониң ішінде мобилді оқыту орталығы арқылы	Ониң ішінде мобилді оқыту орталығы арқылы		Ониң ішінде мобилді оқыту орталығы арқылы				

Техникалық және кәсіптік білімі бар
кадрларды даярлауды және қысқа
мерзімді кәсіптік оқытуды үйымдастыру
қағидаларына
13-қосымша
Нысан

ТЖКБ бар кадрлар даярлаудың және қысқа мерзімді кәсіптік оқытудың барысы
туралы жиынтық мәлімет

20 __ жылғы _____ жағдай бойынша

1	№ кезек саны	
2	Өнірдің атаяуы	
3	Есептегі жылы қабылдау жостары, саны	
4	Оғінш берген адамдардың саны	
5	Оқуга қабылданғандардың саны	
6	Оқуды аяқтаган адамның саны	
7	Оқудан шығарылғандардың саны	
8	Оқуды аяқтаган адамның ішінде жұмысқа орналасқандар саны	
9	Оқу аяқтагандар ішінен жұмысқа орналасқан адам Улесі, % (8графа/бірағаX 100%)	
10	Бұрынғы курстардан откөндер мен жаңа қабылдауды есепке ала отырып, оқып жатқан студенттер саны	
11	ТЖКБ бар кадрларды даярлауға шарт жасалған оку орындарының саны	